

**«ЖАҢАТҮРМЫС АУЫЛЫНЫҢ ЖОББМ» КММ**  
**9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН**  
**ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУҒА**  
**ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША**  
**ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**1. Жалпы мәлімет**

Пәні: қазақ тілі

Сыныбы: 9

Жауапты мұғалім: қазақ тілі пәнінің мұғалімі Өмірзақ Дәулет

Оқу жылы: 2025 –2026

**2. Жұмыстың мақсаты**

9-сынып оқушыларын қазақ тілі пәнінен қорытынды аттестаттауға сапалы дайындау, білім алушылардың тілдік білім, білік және дағдыларын оқу бағдарламасы мен қорытынды аттестаттау талаптарына сәйкес қалыптастыру.

**3. Міндеттері**

Негізгі мектеп курсы бойынша қазақ тілі пәнінен өткен материалдарды қайталау және жүйелеу.

Оқушылардың орфографиялық, пунктуациялық және грамматикалық сауаттылығын арттыру.

Мәтінмен жұмыс жасау, түсіну және талдау дағдыларын дамыту.

Қорытынды аттестаттау талаптарына сай жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды қалыптастыру.

Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, түзету жұмыстарын жүргізу.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, нәтижелі емтихан тапсыруға ынталандыру.

**4. Жұмыстың негізгі бағыттары**

Диагностикалық жұмыс

Оқу материалын қайталау және бекіту

Қорытынды аттестаттау форматына сәйкес практикалық жұмыстар

Жеке және топтық жұмыстар

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

Кеңес беру жұмыстары

**5. Қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты\
1	Бастапқы диагностикалық жұмыстың нәтижесін талдау	Қыркүйек	Мұғалім
2	Орфография және пунктуация бойынша қайталау	Жыл бойы	Мұғалім
3	Мәтінмен жұмыс (оқу, түсіну, талдау)	Жыл бойы	Мұғалім
4	Қорытынды аттестаттау форматына сай жаттығу жұмыстарын орындау\	Жоспар бойынша	Мұғалім
5	Байқау бақылау жұмыстарын өткізу\	Тоқсанына 1 рет\	Мұғалім
6	Оқушыларға жеке консультациялар ұйымдастыру	Кесте бойынша\	Мұғалім
7	Үлгерімі төмен оқушылармен түзету 8жұмыстары\	Үнемі	Мұғалім
9	Қорытынды қайталау жұмыстары	Мамыр	Мұғалім

**6. Күтілетін нәтижелер**

Оқушылардың қазақ тілі пәні бойынша білім деңгейі артады.

Қорытынды аттестаттау тапсырмаларын орындауда сенімділік қалыптасады.

Типтік қателер саны азаяды.


9-сынып оқушылары қорытынды аттестаттаудан сәтті өтеді.

**7. Бақылау және нәтижені бағалау**

Байқау және қорытынды жұмыстардың нәтижелерін талдау.

Оқушылардың жеке жетістіктерін бақылау.

Нәтижеге сәйкес жұмыс жоспарын түзету.

Қазақ тілі пәні мұғалімі:  Өмірзақ Дәулет

**8 ЖӘНЕ 10-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУҒА  
ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ЕСЕБІ.**

**Есептің негізі**

Білім алушылардың қазақ тілі пәнінен білім сапасын арттыру, оқу бағдарламасының орындалу деңгейін анықтау және аралық тестілеуге жүйелі дайындау мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

**Жұмыстың мақсаты**

8–10-сынып оқушыларының:

- қазақ тілінен теориялық білімін жүйелеу;
- грамматикалық білімін бекіту;
- мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру;
- тест тапсырмаларын орындау шеберлігін қалыптастыру.

**Қамтылған сыныптар**

- 8-сынып
- 10-сынып

**Дайындық кезеңі**

Аралық тестілеуге дайындық жұмыстары жоспарлы түрде, жүйелі және кезең-кезеңімен жүргізілді.

**Атқарылған жұмыстар**

**1. Білім деңгейін анықтау**

Оқушылардың бастапқы білімін анықтау мақсатында диагностикалық тест алынды; Нәтижелері бойынша оқушылардың біліміндегі олқылықтар анықталды.

**2. Қайталау және бекіту жұмыстары**

8–10-сынып бағдарламасы бойынша негізгі тақырыптар қайталанды:

- сөз таптары;
- сөйлем мүшелері;
- сөйлем түрлері;
- тыныс белгілері;
- мәтінмен жұмыс.

Әр тақырыптан кейін қысқа тест тапсырмалары орындатылды.

**3. Тест тапсырмаларымен жүйелі жұмыс**

Тест құрылымымен таныстыру жүргізілді;  
Бірнеше нұсқада тест тапсырмалары ұсынылды;  
Уақытпен жұмыс істеу дағдылары қалыптастырылды;  
Қате жіберілген сұрақтарға жеке талдау жасалды.

**4. Жеке және топтық жұмыс**

Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыс ұйымдастырылды;  
Жеке тапсырмалар берілді;  
Жұптық және топтық жұмыстар арқылы бірін-бірі оқыту әдісі қолданылды.

**5. Мәтінмен жұмыс**

Оқушылардың мәтінді түсініп оқу, негізгі ойды анықтау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар орындатылды;

Мәтін бойынша тест сұрақтарын құрастыру жұмыстары жүргізілді.

### 6. Қателермен жұмыс

Жиі кездесетін қателер тізімі жасалды;  
Әр оқушыға өз қатесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді;  
Қателерді түзетуге бағытталған жаттығулар орындалды.

### 7. Күтілетін нәтиже

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

оқушылардың тест тапсырмаларын орындау дағдысы қалыптасты;  
грамматикалық білім деңгейі артты;  
қазақ тілі пәніне деген қызығушылығы жоғарылады;  
аралық тестілеуде жақсы нәтиже көрсетуге дайындық қамтамасыз етілді.

### 8. Қорытынды

8 және 10-сынып оқушыларын қазақ тілі пәнінен аралық тестілеуге дайындау жұмыстары жоспарға сай, жүйелі және нәтижелі жүргізілді. Алдағы уақытта да оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында дайындық жұмыстары жалғастырылатын болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:  Мустафина С.М.

## Білім алушыларды «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 8 «Б» 10 «Б» сыныптарда аралық аттестаттау бойынша жоспар

Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Аралық аттестаттау мақсаты- білім алушылардың «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкес бағалау.

3. Емтиханды өткізу тілі.

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

Үлгілік оқу бағдарламасымен байланысы

Білім алушыларды аралық аттестаттау жаңартылған білім мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 8, 10-сыныптарына «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды.

Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС күтілетін нәтижелермен анықталады.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыруды көздеп 8, 10 - сыныптарда өткізілетін орыс тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша аралық аттестаттау - негізгі орта (8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім деңгейінде академиялық жылды аяқтаған кезде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау нысаны ретінде қарастырылады.

Аралық аттестаттау тапсырмасы мазмұнының сипаттамасы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушының оқу үлгерімін тексеруге берілген эссе тақырыптарының жалпы саны – 30.

Сөз саны кесте бойынша көрсетілген.

р/с	Сыныбы	Сөз саны (Қазақ тілі)	Сөз саны (Қазақ тілі мен әдебиеті)
4	8	130-140	110-120
5	10 (ЖМБ)	140-150	120-130

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен эссе жазуда тапсырмалардың мазмұны ақпаратты түсіну, мәтіннің құрылымы мен негізгі ойын түсіну, мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, проблемалық сұрақтар құрастыру, түрлі дереккөздерден ақпарат ала білу, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық нормаларға құрылған.

7. Эсседегі тапсырмалардың қиындығы: әр сыныптың жас ерекшелігіне сай берілген.

8. Білімді тексеру тапсырмасының формасы: оқылым, жазылым дағдыларын қолданып эссе жазу

9. Білімді тексеру тапсырмаларын орындау уақыты: орындау уақыты – 120 минутты құрайды.

Жалпы эссені жазу уақыты берілген тапсырмаларды оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

10. Білімді тексеру тапсырмалары мен жалпы жұмысты бағалау:

Критериалды бағалау жүйесімен байланысы білім алушыларды аралық аттестаттау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтитын критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады. Дұрыс орындалған тапсырма үшін оқушы жиынтық балл (5 балл) жинайды

**Емтихан мазмұны:**

«Қазақ тілі мен әдебиет» пәні бойынша

**Білім алушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10 -сыныптарда аралық аттестаттау бойынша жоспар**

Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Аралық аттестаттау мақсаты- білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкес бағалау.

**3. Емтиханды өткізу тілі.**

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

Үлгілік оқу бағдарламасымен байланысы

Білім алушыларды аралық аттестаттау жаңартылған білім мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8, 10-сыныптарына «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды.

Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС күтілетін нәтижелермен анықталады.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыруды көздеп 5-8, 10 - сыныптарда өткізілетін қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі», қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша аралық аттестаттау - негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім деңгейінде академиялық жылды аяқтаған кезде «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау нысаны ретінде қарастырылады.

Аралық аттестаттау тапсырмасы мазмұнының сипаттамасы

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша білім алушының оқу үлгерімін тексеруге берілген эссе тақырыптарының жалпы саны – 30.

Сөз саны кесте бойынша көрсетілген.

р/с	Сыныбы	Сөз саны (Қазақ тілі)	Сөз саны (Қазақ тілі мен әдебиеті)
1	5	100-110	80-90
2	6	110-120	90-100
3	7	120-130	100-110
4	8	130-140	110-120
5	10 (ЖМБ)	140-150	120-130

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен эссе жазуда тапсырмалардың мазмұны ақпаратты түсіну, мәтіннің құрылымы мен негізгі ойын түсіну, мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, проблемалық сұрақтар құрастыру, түрлі дереккөздерден ақпарат ала білу, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық нормаларға құрылған.

7. Эсседегі тапсырмалардың қиындығы: әр сыныптың жас ерекшелігіне сай берілген.

8. Білімді тексеру тапсырмасының формасы: оқылым, жазылым дағдыларын қолданып эссе жазу

9. Білімді тексеру тапсырмаларын орындау уақыты: орындау уақыты – 120 минутты құрайды.

Жалпы эссені жазу уақыты берілген тапсырмаларды оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

10. Білімді тексеру тапсырмалары мен жалпы жұмысты бағалау: Критериалды бағалау жүйесімен байланысы білім алушыларды аралық аттестаттау қалыптастырушы және жиынтық

Бағалауды қамтитын критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады. Дұрыс орындалған тапсырма үшін оқушы жиынтық балл (5 балл) жинайды

Емтихан мазмұны:

«Қазақ тілі» пәні бойынша

№	Тақырыбы	Уақыты
1	Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	Қаңтар
2	Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтап, өзіне таныс оқиғаны немесе кейіпкерді сипаттап не суреттеп жазу	Қаңтар
3	Эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)	Ақпан
4	Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)	Ақпан
5	Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)	Наурыз
6	Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу»)	Наурыз
7	Қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану	Сәуір
8	сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану	Сәуір
9	жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	Сәуір
10	Тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын	Мамыр
11	Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу;	Мамыр

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Аманжол Омарзақ. Д.